

"Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге су беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 маусымдағы № 6-3/597 бүйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2023 жылғы 14 шілдедегі № 262 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 19 шілдеде № 33113 болып тіркелді

### ЗКАИ-ның ескертпесі!

### Осы бүйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараныз

#### БҮЙЫРАМЫН:

1. "Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге су беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 маусымдағы № 6-3/597 бүйрығына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12714 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бүйрықпен бекітілген Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге су беру бойынша қызметтердің құнын субсидиялау қағидаларында:

2-тармақта:

12) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 12-1) тармақшамен толықтырылсын:

"12-1) суармалы танаптың кадастрық номірі – Жерді қашықтықтан зондтау деректерін пайдалана отырып, танаптың орналасқан жерін анықтауға (сәйкестендіруге) арналған суармалы танапқа берілетін бірегей код,";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Жеткізілген судың 1 (бір) текше метріне (бұдан әрі –  $m^3$ ) бөлінетін субсидиялар мөлшері Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің тиісті аумактық департаменті АШТӨ ( көрсетілетін қызметті алушылар) үшін "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Табиғи монополиялар туралы заң) сәйкес бекітілген тарифтерге пайыздық қатынаста, осы Қағидалардың 10-тармағында көрсетілген сатып алынған суаратын судың 1 (бір)  $m^3$  арналған субсидиялар мөлшеріне сәйкес сараланып белгіленеді.

АШТӨ ( көрсетілетін қызметті алушылар) субсидия алу үшін су берушіге толық құнды немесе қолданыстағы тариф пен тарифтің субсидияланатын бөлігі арасындағы айырманы төлейді, ал қалған айырманы су берушіге АШТӨ ( көрсетілетін қызметті

алушылар) субсидия алғаннан кейін төлейді. Бұл ретте, субсидия төлеудің барлық талаптары су беруші мен АШТӨ (көрсетілетін қызметті алушылар) арасындағы шартта жазылады.";

9-тармақта:

4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) СМАЖ бен электрондық шот-фактураларды қабылдау мен өндөу жөніндегі ақпараттық жүйенің (бұдан әрі – ЭШФ АЖ) ақпараттық өзара іс-қимылды нәтижесінде суаратын суды беру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алуға жұмсалған шығындардың расталуы (су берушінің тиісті электрондық шот-фактурасының болуы).

Субсидиялар алу үшін пайдаланылған электрондық шот-фактураларды кері қайтарып алуға, жоюға және түзетуге жол берілмейді.

Электрондық шот-фактура ЭШФ АЖ-дан СМАЖ-ға өтінім бергенге дейін ЭШФ АЖ-да контрагентті растай отырып, "сұрақ-жауап" режимінде сұратылады (сұратылған электрондық шот-фактура субсидиларды алу үшін электрондық шот-фактураларды пайдалануды растау кезінде ЭШФ АЖ-да автоматты түрде бұғатталады).

Субсидияларды алу үшін пайдаланылған электрондық шот-фактураларды қайтарып алған, жойған және түзеткен жағдайларда, АШТӨ (көрсетілетін қызметті алушы) алынған субсидияларды Басқармаға (көрсетілетін қызметті берушіге) қайтарады.";

5) тармақша алып тасталысын;

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Жерустімен суару кезінде сатып алынған суаратын судың 1 (бір)  $m^3$  арналған субсидия мөлшері:

1) күріш дақылдары үшін қосылған құн салығынсыз (бұдан әрі – ҚҚС) тарифтің 50 (елу) пайзынын (бұдан әрі – %);

2) Атырау, Ақтөбе, және Батыс Қазақстан облыстарында механикаландырылған су көтеру арқылы көлтабандап суару жүйелерін қолдана отырып өсірілетін көпжылдық шөптер үшін ҚҚС-сыз тарифтің 85 %-ын құрайды.

Су үнемдейтін технологияларды (тамшылатып, жаңбырлатып (алдыңғы, айналмалы, барабанды), сплинкерлі) пайдаланбай суару кезінде сатып алынатын суару сүйнен 1 (бір)  $m^3$  үшін бюджеттік субсидия мөлшері су беру тәсілдеріне қарамастан тарифтерге (ҚҚС-сыз) % қатынаста сараланып белгіленеді және мыналарды құрайды:

Атауы	2024 жыл	2025 жыл	2026 жылдан бастап
2,0 (екі) теңгеге дейін	50%	40%	30%
$m^3$ -іне 2,01 теңгеден (екі бүтін жүзден бір) 4,0 (55% төрт) теңгеге дейін		45%	35%
$m^3$ -іне 4,01 теңгеден (төрт бүтін жүзден бір) 9,0 (60% тоғыз) теңгеге дейін	50%		40%

$m^3$ -іне 9,01 тенгеден (тоғыз бүтін жүзден бір) 15,0 (он бес) тенгеге дейін	65%	55%	45%
$m^3$ -іне 15,01 тенгеден (он бес бүтін жүзден бір) 20,0 (жиырма) тенгеге дейін	70%	60%	50%
$m^3$ -іне 20 (жиырма) тенгеден жоғары	75%	65%	55%

Су үнемдейтін технологияларды (тамшылатып, жаңбырлатып (алдыңғы, айналмалы, барабанды), сплинкерлі) пайдалана отырып суару кезінде сатып алынатын суару сұнының 1 (бір)  $m^3$  үшін бюджеттік субсидия мөлшерін су беру тәсілдеріне қарамастан тарифтерге (ҚҚС-сыз) % қатынаста сараланып белгіленеді және мыналарды құрайды:

$2,0$ (екі) тенгеге дейін	60%
$m^3$ -іне 2,01 тенгеден (екі бүтін жүзден бір) 4,0 (төрт) тенгеге дейін	65%
$m^3$ -іне 4,01 тенгеден (төрт бүтін жүзден бір) 9,0 (тоғыз) тенгеге дейін	70%
$m^3$ -іне 9,01 тенгеден (тоғыз бүтін жүзден бір) 15,0 (он бес) тенгеге дейін	75%
$m^3$ -іне 15,01 тенгеден (он бес бүтін жүзден бір) 20,0 (жиырма) тенгеге дейін	80%
$m^3$ -іне 20 (жиырма) тенгеден жоғары	85%

Сатып алынған суаратын судың 1 (бір)  $m^3$  арналған субсидия мөлшері мынадай формула бойынша есептеледі:

$$S = T * \% \text{ тарифтердің бекітілген мөлшеріне сәйкес},$$

мұнда:

$S$  – сатып алынған суаратын судың  $m^3$  арналған субсидия мөлшері, теңгемен;

$T$  –  $m^3$ -ге бекітілген тариф (ҚҚС-сыз), теңге.;"

Көрсетілген Қағидаларға 1-қосымша осы бүйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру және қайта өндеу департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бүйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бүйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілетін осы бұйрықтың 1-тармағының төртінші абзацын қоспағанда, 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрі

E. Карапукеев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Бәсекелестікті қорғау және  
дамыту агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Цифрлық даму, инновациялар және

аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Экология және табиғи

ресурстар министрлігі

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрі

2023 жылғы 14 шілдедегі

№ 262 бұйрығына

қосымша

Ауыл шаруашылығы

тауарларын өндірушілерге су

беру бойынша көрсетілетін

кызметтердің құнын

субсидиялау қағидаларына

1-қосымша

Нысан

(Кімге) \_\_\_\_\_

(облыстың, Астана, Алматы

және Шымкент қалаларының

жергілікті атқарушы органды)

(кімнен)

(занды тұлғаның атауы немесе

жеке тұлғаның аты, әкесінің аты  
(бар болса), тегі)

**Су беру бойынша көрсетілетін қызметтерге субсидиялар алуға арналған өтінім 20 \_\_ жылғы  
айы үшін**

1. Ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші \_\_\_\_\_;

(атауы, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, байланыс телефоны)

2. Өтінім беруші туралы мәліметтер:

1) өтінім берушінің мекенжайы \_\_\_\_\_

(индекс, қала, аудан, облыс, көше, үй, телефон)

2) өтінім берушінің деректемелері \_\_\_\_\_;

(жеке тұлғалар үшін – жеке сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғалар үшін – бизнес сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН), бірінші басшының аты, әкесінің аты (бар болса), тегі және жеке сәйкестендіру нөмірі)

3) дара кәсіпкер ретінде қызметінің басталғаны туралы хабарлама – жеке тұлға үшін \_\_\_\_\_;

4) кәсіпкерлік субъктісінің санаты \_\_\_\_\_;

5) экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуші бойынша коды (ЭҚТЖ) \_\_\_\_\_

3. Өтінім берушіге жер пайдалану немесе жеке меншік құқығында тиесілі жер участкесіне сәйкестендіру және (немесе) құқық белгілейтін құжат

Р/с №	Суармалы танаптың кадастрылық нөмірі	Алаңы, гектар (бұдан әрі – га)		Нысаналы мақсаты	Жер участкесі иесінің немесе жер пайдаланушының атауы
		барлығы	оның ішінде суармалы		
1	2	3	4	5	6

Суармалы танаптың алаңы жер пайдалану және (немесе) жеке меншік құқығындағы осы АШТӨ-ге (көрсетілетін қызметті алушыларға) тиесілі ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер участкелерінің алаңынан аспайды.

4. Суару көзі туралы мәліметтер:

1) су көзінің атауы \_\_\_\_\_;

(өзен, бұлак, суландыру жүйесі, субөлгіш, сутаратқыш)

2) су берушінің тарифі (тенгемен) \_\_\_\_\_;

3) су беру бойынша көрсетілетін қызметтерді ұсыну туралы су берушімен жасалған шарттың көшірмесі \_\_\_\_\_;

4) есепке алу аспабының не бірыңғай өлшемдерді қамтамасыз етудің мемлекеттік

жүйесінің тізіліміне енгізілген өлшеу құралы мен құрылғысының атауы, сү үнемдейтін

технологияларды енгізу актісінің номірі және күні

5. Ауыл шаруашылығы дақылдарының өсірілетін түрлері бойынша суаратын суды тұтыну көлемі:

Егілетін дақыл	Егіс алаңы, га	оның ішінде суару тәсілдері бойынша					
		жерустімен суару, га	тамшылатып (жерасты) суару, га	айналдыра жаңбырлатқыш машина, га	алдыңғы жағынан жаңбырлатқыш машина, га	барабан типті жаңбырлатқыш машина, га	стационарлық суару жүйесі, га

кестенің жалғасы

су тұтыну көлемі, мың текшеметр (бұдан әрі – м <sup>3</sup> )							
жерустімен суару			тамшылатып (жерасты) суару			айналдыра жаңбырлатқыш машина	
алаң, га	с у тұтынудың үлестік нормасы, м <sup>3</sup> /га	су тұтыну көлемі, м <sup>3</sup> /га	алаң, га	с у тұтынудың үлестік нормасы, м <sup>3</sup> /га	су тұтыну көлемі, м <sup>3</sup> /га	алаң, га	с у тұтынудың үлестік нормасы, м <sup>3</sup> /га

кестенің жалғасы

су тұтыну көлемі, мың текшеметр м <sup>3</sup>							
алдыңғы әрекетті жаңбырлатқыш машина			барабан типті жаңбырлатқыш машина			суарудың стационарлық жүйесі	
алаң, га	с у тұтынудың үлестік нормасы, м <sup>3</sup> /га	су тұтыну көлемі, м <sup>3</sup> /га	алаң, га	с у тұтынудың үлестік нормасы, м <sup>3</sup> /га	су тұтыну көлемі, м <sup>3</sup> /га	алаң, га	с у тұтынудың үлестік нормасы, м <sup>3</sup> /га

кестенің жалғасы

Атырау, Ақтөбе, және Батыс Қазақстан облыстарында механикаландырылған су көтеру арқылы көлтабандап суару жүйелерін қолдана отырып өсірілетін көпжылдық шөптер үшін, м <sup>3</sup>	алаң, га	су тұтынудың үлестік нормасы, м <sup>3</sup> /га	су тұтынукөлемі, м <sup>3</sup> /га
--	----------	--	-------------------------------------

6. Ағымдағы шотының бар-жоғы туралы ақпарат:

1) субсидиялар алу үшін екінші деңгейдегі банктегі банктік шоттың деректемелері

2) банктік сәйкестендіру коды \_\_\_\_\_;

3) корреспонденттейтін шот \_\_\_\_\_;

4) БСН \_\_\_\_\_;

5) бенефициар коды \_\_\_\_\_;

7. Алынған суаратын суға алғашқы төлем құжаттары \_\_\_\_\_.

(төлем құжатының нөмірі)

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дұрыс емес мәліметтерді ұсынғаным үшін жауапкершілік туралы хабардармын және заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға, дербес деректерді жинауға, өндеге келісім беремін.

Отінім беруші 20 \_\_\_ жылғы "\_\_\_" сағат \_\_\_\_ қол қойып, жіберді.

Электрондық цифрлық қолтаңбадан (бұдан әрі – ЭЦҚ) алынған деректер

ЭЦҚ-ның қойылған күні мен уақыты

Отінімнің қабылданғаны туралы хабарлама:

Отінім 20 \_\_\_ жылғы "\_\_\_" сағат \_\_\_\_ қабылданды.

ЭЦҚ-дан алынған деректер

ЭЦҚ-ның қойылған күні мен уақыты.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК